

М. ИСАҚОВА, Р. ХАСАНОВ,
Б. ХАЙДАРОВ, А. СУЛАЙМАНОВ,
С. ЖУМАНИЯЗОВА, Б. АЗИМОВ

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ

Жалпы орта білім беретін мектепердің
3-сыныбына арналған оқулық

Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі таралынан баспаға ұсынылған

ТАШКЕНТ
«YANGIYO'L POLIGRAF SERVIS»
2014

Пікір жазғандар:

Г. Амирова — Қори Ниязи атындағы ӨзПFFЗИ
ғылыми қызметкери;

А.Мұртазаев — Таңкент қаласындағы
78-мектептің бейнелеу өнері пәні мұғалімі.

Н.Баймұратова — Республикалық білім
орталығының әдіскері.

О.Ражабова — Таңкент қаласындағы
155-мектептің бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:



— белсендіруші
сұрақтар мен
тапсырмалар



— іс жүзіндегі
жаттығулар мен
тапсырмалар



— қызықты
тапсырмалар



— қайталауға
арналған сұрақтар
мен тапсырмалар



— үйрену және
есте сақтау
керек



— үйге берілген
тапсырмалар



— дарынды бала-
ларға арналған
тапсырмалар



— Сабак
аяқталды


«Мемлекеттік бюджет қаржылары есебінен
жалға беру үшін басылды».

ISBN 978-9943-309-72-2 © «Yangiyo'l poligraf servis», 2010 2014.
© M. Isoqova, S. Jumaniyozova, 2010, 2014.

БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЙІ — СҮЙІКТІ МЕКЕН




**СУРЕТ САЛУ ҮШІН ОРЫН ДАЙЫНДАУ
ЖӘНЕ ЗАТТЫҚ ӨЛШЕМІН АНЫҚТАУ**



Сурет салуға отырғанда, жарық сәулесі сен сурет салатын қағазға сол жағынан түсетін болсын.


I ТОҚСАН



F.Абдурахманов. Ақтастағы бұлақ

Бұл тоқсанда сен:

- жаз бен күз көріністерін салуды;
- контраст түстерді және оларды қолдануды;
- жемістер суретін салуды;
- Төртбұрыш және жолақ тәріздес пішіндерде өрнек салуды үйренесің.



1

«ӨЗБЕКСТАН — МЕНИң ОТАНЫМ» ТАҚЫРЫБЫНА СУРЕТ САЛУ

Өзбекстан — менің Отаным. Онда біздің ата-бабаларымыз өмір сүрген. Қазір де біз оның таза ауасымен тыныс алып, мәлдір суын ішіп, егістіктерде өсірілген дәмді жемістерін қажетімізге жаратудамыз.




Жоғарыдағы суретте Отанымыздың астанасы — Ташкенттегі Тәуелсіздік алаңына орнатылған мұсіндер композициясын көріп тұрсың. Бұл композиция «Игілік монументі» деп аталады.



1. Бұл мұсіндердің қандай рәмзи мәні бар?
2. Олар туралы айтып бер.





Ғ.Абдурахманов. Таулар.



Отанымыздың табиғаты туралы әңгімелеп бер.



1. Жоғарыдағы суретте қандай мереке бейнеленген? Ол туралы айтып бер.
2. Мерекенің күйжайы қандай түстерде бейнеленеді?



Қылқаламдар.

Боялынатын беттің үлкен-кішілігіне қарай жуан, орташа және жіңішке қылқалам таңдалады.



Қылқаламды пайдалану ережелері:

- қылқаламды суда қалдырма;
- қылқаламды жаңа түске батырудан алдын оны суға жуып ал;
- қылқаламды құрғақ сақта.



Гуашь — суда еритін қою бояу.

Гуашь бояқтары.



Ақ



сары



қызыл



жасыл



көк



қоңыр



қара





«Өзбекстан — менің Отаным» тақырыбына
өткізілген сұхбат негізінде елестетіп сурет сал.




1. «Өзбекстан — менің Отаным» тақырыбына
салынып жатқан суретті соңына жеткіз.
- 2*. «Тәуелсіздік мерекесі» тақырыбына сурет сал.

Төмендегі сурет негізінде Өзбекстанның әсем
табиғаты туралы әңгімелеп бер.



2

**«ЖАЗ — ӨТТИ КЕРЕМЕТ»
ТАҚЫРЫБЫНА СУРЕТ САЛУ**



1. Сурет негізінде құрдастарыңың жазғы демалысының қандай өткізгені туралы әңгімелеп бер.
2. Суретші тау көрінісін салғанда қандай түстерден пайдаланған?






Нәрселер бақылаушыдан алыстаған сайын олардың көлемі кішірейіп көрінеді, ал түстері көмескіленеді.


Тау көрінісінің суретін салу кезеңдері.

1



Бейнені қағаз бетіне
орналастыру.

2



Қарындашпен
долбар салу.

3



Бейнені қарындашпен аяқтау.

4



Бейнені бояу.





Жазда алған әсерің негізінде «Жаз — өтті керемет» тақырыбына табиғат көрінісі бейнеленген сурет сал.



Ш.Фофуров. *Таудағы кел.*




1. Сыныпта салынған «Жаз — өтті керемет» тақырыбындағы суретті түрлі түсті қарындаштармен боя.
- 2*. «Біздің бақ» тақырыбына сурет сал.



3

АТЛАС МАТАСЫНДА ТҮСТЕРДІҢ ЖАРҚЫРАУЫ




Өзбекстанимыз өзінің атлас маталарымен белгілі. Өзбекстан атласы сан алуандығымен ерекшеленеді. Оларда түстер жарқырап, құлпырып тұрады.



1. Жоғарыдағы суреттерде бейнеленген атлас маталарындағы пішіндерге және түстердің нұрлануына назар аудар.
2. Маталарда қолданған түстердің атын айт.

Түстер шеңбері.



Түстерді шығару ережесі.

Түстер шеңберінде бір-біріне жақын, қатар тұрған түстерді қосып, араластырып, жаңа тұс шығару керек. Ондай болмаса бір анық емес түстер шығады.

Акварель бояқпен жұмыс істей.



Қағазға алғашқысы кеппестен жағылған бояу өзара араласып кетеді.



Біріншісі кепкеннен кейін жағылған екінші бояу өзара араласпайды.




Бояуға қаншалықты көп су араластырылса, ол соншама ақшыл түске өнеді.




Гуашьтың акварельден айырмашылығы.

Акварельмен салынған сурет.



Гуашьпен салынған сурет.




Гуашьтың акварельден айырмашылығы: гуашь бояуы бірінің үстіне екіншісін жаққанда оның астындағы бояу түсі көрінбейді. Гуашь бояуы акварельге қарағанда қоюлау қолданылады.





Түстер жаттығуы.




Жоғарыдағы ережелер бойынша әр түрлі түстерді шығар.






Атлас матасы үшін өрнек салу кезеңдері.

1



Бейнені
қағаз бетіне
орналастыру.

2



Қарындашпен
долбар салу.

3



Бейнені
қарындашпен
салып аяқтау.

4



Ашық түстерге
бояу.

5



Тоғырақ түстерге
бояу.


6




Тоқ (қанық)
түстерге өндеу.



Жоғарыдағы тәсіл бойынша атлас үшін өрнек
сал.




«Тумор» ханатласы.



«Намазшам гүлді»
ханатлас.



«Чақирим табдили»
ханатласы.



«Қара қарға»
ханатласы.



1. Жоғарыдағы ханатластардан қайсы бірі саған ұнады?
2. Ханатластарда қандай түстер қолданылған?





1. Сыныпта салынған атлас өрнегін аяқта.
- 2*. Басқа түрдегі атлас үшін өрнек сал.



4


ЖОЛАҚ ТӘРІЗДЕС
ӨРНЕК САЛУ



1. Өрбір өрнекте қолданылған әшекейлеу гүлдерін көрсет.
2. Өрнектің негізі мен әшекейлеу гүлдерін өзара салыстыр.



Контраст түстер — өзара қарама-қарсы түстер.






Бұл түстер қатар қолданылғанда бір-бірін ашып көрсетеді.



Көбелек қанатындағы контраст түстердің жұптарын анықта.





Контраст түстердің бірі екіншісінің негізінде (фонында) айқындау көрінуіне назар аудар.

Өрнекті жасағанда оның негізі мен әшекейлеу гүлдері контраст түстерге боялады.




Ақ, боз және қара түстер — **ахроматикалық** түстер деп аталады. Ал, қалған түстер **хроматикалық** түстерді құрайды.



Ахроматикалық түстер негізгі түстерді тағы айқындау көрсетеді.







Аққу қара негізде және де ақтау болып көрінеді.
Ал, сары негізде оншалықты ақ болып көрінбейді.



Жолақ тәріздес өрнектер.




Бір әшекей гүлді (түймедақ).



Екі түрлі түстегі бір әшекей гүлді (түймедақ).

тўйме- қызғал- тўйме- қызғал- тўйме- қызғал-
дақ дақ дақ дақ дақ дақ



Екі әшекей гүлді.





Ритм — өрнекте әшекей гүлдерінің қайталанып немесе алмасып келуі.



Екі әшекей гүлді жолақ тәріздес өрнек сал.



1. Төмендегі жолақ тәріздес өрнектерде қайсы әшекей гүлдерінен қандай ретпен пайдаланған?



2. Өрнектің негізі мен әшекей гүлі қандай түстерге боялғаны дұрыс?



3. Контраст түстерді жұп-жұбымен санап бер.
4. Жапырақтың суретін бейнелеу үшін қандай түстегі негіз (фон) таңдаған дұрыс?



5. Белгісіз түстерді тап.

$$1) \boxed{\text{ }} + \boxed{\text{ }} = \boxed{?}$$

сары + көк = _____

$$2) \boxed{\text{ }} + \boxed{?} = \boxed{\text{ }}$$

қызыл + _____ = сарғалдақ

$$3) \boxed{?} + \boxed{\text{ }} = \boxed{\text{ }}$$

_____ + көк = күлгін

6. Төмендегі бүйымдардың өшекейленуінде қандай өрнектер пайдаланылған?





1. Екі әшекей гүлді өрнекті акварельде контраст түстерге боя.
- 2*. Екі әшекей гүлді және түстері кезектесіп келетін өрнек жаса.



Шебер Ёқубжан Рауфов
(1888 — 1974)

Ёқубжан Рауфов — кескіндемеші (живописші) шебер, Өзбекстан халық суретшісі. Кескіндемеші өнерін атасы шебер Рауф Калоннан үйренген. Шебер Ёқубжон Рауфов Республикалыздың бірнеше қалаларындағы қоғамдық ғимараттарды безендіруде жетекшілік еткен.



Шебер жасаған өрнек.



5

ЖЕМІС-ЖИДЕКТЕР
СУРЕТІН САЛУ



Елімізде алтын күз өз жасауын жайған. Бауларда алма, анар, алмұрт, шабдалы, жүзім, әнжір, бақтарда қарбыз бен қауын мәүжіреп піскен.

Күзде ең әдемі мерекелеріміздің бірі, “Өнім мерекесі ”есептеледі.




Өнім мерекесі туралы айтып бер.






Анар суретін салу кезеңдері.

1



2



Бейнені қағаз бетіне
орналастыру.

3



4



Бейнені қарындашпен
салып аяқтау.

5



Тоғырақ
түстерде бояу.

6




Тоқ (қанық)
түстерде өндеу.



Алма суретін салу кезеңдері.

1



2




Бейнені қағаз бетіне
орналастыру.

Қарындашпен долбар
салу.

3



4



Бейнені қарындашпен
салып аяқтау.

Ашық
түстерде бояу.

5



6



Тоғырақ
түстерде бояу.

Ток (қанық)
түстерде өндеу.



Алма мен анар суретін сал.



1. Затқа қарап сурет салғанда бейне қағаз бетіне қалай орналастырылуы керек?
2. Натюрморт салғанда тағы неге назар аудару қажет?



1. Сыныпта басталған суреттерді соңына жеткіз.
- 2*. «Жеміс-жидектер» натюрмортын сал.



В. И. Уфимцев. Бақлажандар.

Уфимцев Виктор Иванович (1899 — 1964) — Өзбекстан халық суретшісі. Ол өзінің «Көгілдір рюмкалы натюрморт», «Дала гүлдері», «Бақлажандар» сияқты натюрморттарымен атакты.

6

МУСІН ӨНЕРІ



Мұсінші Илхам және Камал Жаббаровтар. Әмір Темір.




1. Ұлы (бабамыз) тұлғамыз сайыпқыран Әмір Темір туралы не білесің?
2. Жоғарыдағы фотосуретте бейнеленген Әмір Темір мұсіні туралы айтып бер.



Илхам Жаббаров — мұсінші, Өзбекстанда қызмет көрсеткен өнер қайраткері, Өзбекстан Көркемдік Академиясының академигі.

Ол Әмір Темір, Әл-Ферғаний Жалолиддин Мангуберді, «Ана» секілді мұсіндердің авторы.



Илхам Жаббаров
(1945 жылы
туылған)



**Әл-Ферғанидің Ферғанадағы
қоладан жасалған мұсіні.**

Мұсіндер жасау тәсіліне қарай 2 түрге бөлінеді:
жан-жақтама айналып көруге көзделген және жазық-
тық бетінен сәл шығыңқы етіп жасалған мұсіндер.



Рельефті (бедерлі) мұсін — жазықтық
бетінен (қабырғадан) сәл шығыңқы етіп
жасалған мұсін.




Л.Рябцев. Көктем келді.




Рельефті мүсін жасау кезендері.

1




Ермексазды (саз балшықты) тақтайшаға белгілі қалыңдықта тегіс жатқызу.

2



Жасалатын мүсін пішінін салып алу.

3



Жасалатын мүсін пішінін кесіп алу.

4



Стектің көмегімен пішінді өндеп аяқтау.



Балықтың рельефті мүсінін жаса.



1. Рельефті мүсін дегеніміз не?
2. Рельефті мүсін жасау кезендерін айт.



1. Балықтың рельефті мүсінін жасауды соңына жеткіз.
- 2*. «Ойыншық әтештің» рельефті мүсінін жаса.



ТӨРТБҮРЫШ ӨРНЕК САЛУ



КЕСТЕ ТІГУ

Кесте тігу қолданбалы өнердің көне түрі. Сабақ, сюзана, ақжайма, төсек жапқыш сынды кесте тігу бұйымдарын безендіруде төртбұрыш пішіндегі ою-өрнектерді пайдаланады. Кестелерде өсімдік тәрізді бейнелер, мүйіз, гүлсабақ, гүлшоқ көп кездеседі. Кесте тігу республикамыздың Бұхара, Самарқант, Нұратта, Шахрисабз, Ташкент қалаларында кең тарапланған.




1. Жоғарыдағы суретте қандай өнер үлгісі бейнеленген?
2. Оны безендіруде қандай өрнек түрлерін және әшекейлеу гүлдерінен пайдаланылған?

Төртбұрыш өрнек үлгілері.






Өрнектің түрлі әшекейлеу гүлдері.




Жапырақ



бадам



бофта




қызыл
бұрыш




марғула




үш жапырақ



көп
жапырақ



қызғалдақ



түймедақ




мақтагүл









Қарапайым төртбұрышты өрнек үлгілері.



Жоғарыдағы өрнектерде қандай әшекейлеу гүлдерін пайдаланған?




Төртбұрышты өрнек сұлбасы.



- Сары түсті қағаз парақты 8 қабат етіп бүктеп, түймедақ өрнек әшекейлеу гүлін сыйып ал.
 - Бүктелген қағазды сыйылған гүл әшекейі бойынша қи. Нәтижеде 8 түймедақ өрнек әшекейі шығады.
 - Соған ұқсас жасыл түсті қағаздан 8 жапырақ әшекейлеу гүлін де қыып ал.
 - Жоғарыдағы берілген сұлбаның біреуін таңда. Қыып алынған әшекейлеу гүлдерін қызыл түсті қағаз үстіне орналастырып төртбұрышты өрнек жаса.
- Ескерту.** «+» таңбамен «түймедақ» орны, «—» таңбамен «жапырақ» орны белгіленген.





1. Жоғарыдағы бұйымдарда қандай әшекейлеу гүлдері қолданылған?
2. Оларда жолақ тәріздес өрнектер де қолданылған ба?
1. Сыныпта орындай бастаған төртбұрыш пішіндегі өрнекті соңына жеткіз.
- 2*. Жолақ тәріздес және төртбұрыш өрнектер негізінде орамалға арналған өрнек жаса.



8

«ТАУДА КҮЗ»
ТАҚЫРЫБЫНА СУРЕТ
САЛУ



F. Абдурахманов. «Күз»



1. F. Абдурахмановтың «Күз» атты туындысын зер салып қарап шық. Онда нелер бейнеленген? Шығармада қандай түстер пайдаланылған?
2. «Тауда күз» тақырыбына әңгіме құрастыр.




Көркемсурет композициясы негізгі және көмекші элементтерден (бөліктерден) құралады.

Негізгі элемент әдетте ортада бейнеленеді. Қалған көмекші элементтер негізгі элемент төңірегіне орналастырылады.




Бұл жерде негізгі элемент — күнбағыс, көмекші элементтер — бал аралар. Егер күнбағыс алып тасталса, композиция өз мәнін жоғалтады.






«Тауда күз» тақырыбына сурет салу кезеңдері.

1



Бейнені қағазға
орналастыру

2



Қарындашпен долбар салу

3



Ашық түстерде салу

4



Тоқ түстерде салу




1. Берілген суретші шығармасы және «Тауда күз» тақырыбында сурет салу кезеңдері негізінде сурет сал.






1. Күз мезгілі әдетте қандай түстермен бейнеленеді? Төмендегі суреттердің қайсы бірінде күз мезгілі бейнеленген?
2. Композицияның қандай элементтері бар? 3-суреттегі негізгі және көмекші элементтерді анықта.

1



2



3



4





1. Сыныпта жасалған «Тауда күз» тақырыбындағы суретті соңына жеткіз.
- 2*.«Күз» деп аталған сурет сал.



Инағамов Закир (1919 — 1996) — Өзбекстан халық суретшісі. Оның шығармаларындағы кейіпкерлердің келбеттері жанды, өмірлі көрсетілгендейгімен ықыласқа лайық. Инағамовтың атақты шығармалары: «Аналық», «Күз», «Даладағы таңертеңгі шай», «Қырманда», «Маш өнімі», «Арал» т.б.



3.Инағамов. Шайға.

9


АРАЛЫҚ
БАҚЫЛАУ САБАҒЫ

I. Тест сұрақтары:

1. Негізгі түстер қайсы қатарда берілген?







2. Қайсы өрнектің екі әшекейлеу гүлі бар?



3. Қайсы түстердің жұптылығы контраст емес?



4. Қайсы өрнектің негізі (фоны) және әшекейлеу гүлінің түсі дұрыс таңдалмаған?



5. Қайсы суретте рељефті мұсін бейнеленген?



II. Тапсырма.

«Өнім мерекесі» тақырыбына әңгіме құрастыр және сол негізінде сурет сал.

II ТОҚСАН



Бұл тоқсанда сен:

- қыс көріністерін салуды;
- аппликациялар салуды;
- мүсіндер композициясын құрастыруды және иллюстрациялар жасауды үйренесің.



10

ТАБИГИ МАТЕРИАЛДАРДАН
ЖАНУАРЛАРДЫҢ БЕЙНЕСІН
ЖАСАУ (АППЛИКАЦИЯ)

Табиғи материалдар:



1. Аппликация үшін тек қана төгілген жапырақтарды пайдаланады.
2. Олардың шаңын сұртіп тазалайды.
3. Жапырақтарды ескі газеттердің қабаттары арасына қойып бастырады да кептіреді.
4. Мұндай жапырақтар өте морт, сынғыш болғандықтан оларды абайлап пайдалану керек.
5. Ұрықтарды мұздай суға жуып, кептіріп алады.



Аппликация — түрлі түсті қағаз және мата қыықтарын қағазға жабыстыру жолымен шығатын бейне.



Аппликация жасау үшін қажет құралдар.






Көбелектің аппликациясын жасау кезеңдері.

Көбелектердің екі жұп қанаты болады. Олар бір-біріне өте ұқсас. Денесі жінішке, сопақтау, мұрттары өте нәзік, ал көздері кішкене болады.

1



Ең әдемі екі бірдей жапырақты үстіңгі қанаттар үшін таңдайды.

2



Астыңғы қанаттар үшін кішірек жапырақтарды таңдайды.

3




Денесі үшін жінішке үзын жапырақты таңдаған жөн.

4



Көздері үшін екі бірдей ұрықты таңдайды. Мұрты үшін жапырақтың сабағын пайдаланады.

5



Барлық жапырақтар не-
гізінде көбелек пішінінде
орналастырылады.

6



Әрбір бөлімді желіммен
жабыстырады.



Қоянның аппликациясын жасау кезеңдері.

Қоянның құлақтары ұзын, екі ұрты томпиган,
алдыңғы аяқтары артқы аяқтарына қарағанда үлкенірек
болады.





Қоянның құлақтары, басы, екі үртү, денесі, аяқтары үшін жапырақтарды таңдалап алады. Мұрны мен көздері үшін ұрықтардан пайдаланады.



Барлық дене бөліктерін негізге қоямыз.




Оларды бір-біріне жақындатамыз.



Барлық дене бөліктері негізінде желімнің көмегімен жабыстырады.

5



Дайын болған аппликацияларды папкаға салып, үстін кітаппен немесе басқа нәрсемен бастырып қояды.



1. Аппликация деген не?
2. Аппликация жасау кезеңдерін айтып бер.



Берілген аппликацияға қарап, сен де арыстанның аппликациясын жаса. Кішірек жапырақтар болмаса, үлкен жапырақтарды кесіп ал. Көздері мен мұрны үшін ұрықтарын пайдалан.



1. Сыныпта жасаған арыстанның аппликациясын соңына дейін жеткіз.
- 2*. Өзің қалаған екі жануардың аппликациясын жаса.



11-12

«КЕШКІ КҮЗ»
ТАҚЫРЫБЫНА СУРЕТ САЛУ



З.Инагамов. Күз



Жоғарыдағы суретте бейнеленген күз көрінісін зер салып бақыла. Суретші қайсы түстерді пайдаланған?

Ағаштарды бейнелеу кезеңдері.

1



2




3




4



1



2




3




4



1



2




3




4




1




2



3




4






Қоңыр күз көрінісін салу кезеңдері.

1



2




3



4




Күзде аяу райы жиі өзгеріп тұрады. Өзіңнің бақылауыңмен және алған әсерің бойынша бір табиғат көрінісінің әрі шуақты құнгі, әрі бұлышыңғыр құнгі райын сал.






- Суретші Рахим Ахмедовтың тәмендегі «Күзгі табиғат көрінісі» шығармасына түсінік бер.



Р. Ахмедов. *Күзгі табиғат көрінісі*.



2. Ая арайы табиғатты бейнелеууші түстерге қандай әсер етеді?
 3. Күн шуақты күні күз көрінісін салу үшін қайсы түстерді қолданған болар едің? Бұлышығыр күні ше?
1. Сыныпта салынған «Күз көрінісі» суретін гуашь немесе акварель бояумен боя.
- 2*. «Жаңбырлы күн» тақырыбына сурет сал.



Н. Г. Каракан. *Күз*.

Каракан Николай Григорьевич (1900—1970) — Өзбекстан халық суретшісі. Шығармаларында өзбек халқының өмірі мен еңбегін, сондай-ақ, табиғат көріністерін түсті суреттерде бейнелеген. Ол көрініс жанрындағы «Нанай жолы», «Гүлденген аңғар», «Соңғы нұр», «Күз» т.б. шығармаларымен белгілі.

13

«ТАСБАҚА МЕН ШАЯН»
МЫСАЛЫ БОЙЫНША СУРЕТ САЛУ



1. «Тасбақа мен шаян» мысалын оқып шық.
2. Жоғарыдағы суретте мысалдың қайсы көрінісі бейнеленген?

«Тасбақа мен шаян» мысалы

(Гулханидің «Зарбулмасал» шығармасындағы
мысалдың мазмұны)

Тасбақа мен шаян сапарға аттанады. Жолда олар үлкен дарияға кезігеді. Тасбақа судан шаянды алып

өтіп жақсылық жасамаңшы болып, шаянды үстіне мінгізіп алады. Дарияның ортасына келгенде, шаян дегбірсізденіп қозғала бастайды. Тасбақа мұның себебін сұраған еді, ол инесін тасбақаға шашып, сынап көрмекші екендігін айтты. «Шаянның жұмысы — мейлі ол дос көкірегіне, мейлі дүшпан арқасына найза шаншудан тұрады», — дейді. Ал, тасбақа болса онда менің де су бетінде жүруімнен пайда жоқ, менің жұмысым дария түбіндегі гауһарларды тамашалау, деп дария түбіне сұнғиді.

Сөйтіп, тасбақа гауһар теруге, ал шаян болса жан тапсыруға кетті. Жақсылыққа — жамандық, деп осыны айтады.

Мақал


Жақсымен жүрсөң, жетесің мұратқа,
Жаманмен жүрсөң, қаласың ұятқа.




Иллюстрация — көркем шығарма мазмұнын толықтырушы немесе көрнекі бейнелеууші сурет.




Тасбақа суретін салу кезендері.





Шаян суретін салу кезеңдері.



«Тасбақа мен шаян» мысалы бойынша сурет сал.






- Иллюстрация дегеніміз не?
- Оқу кітабындағы әр түрлі шығармаларға жасалған иллюстрацияларды анықта.




- «Тасбақа мен шаян» мысалына орындалған иллюстрацияны акварельде боя.
- *Өзің ұнатқан ертегіге иллюстрация жаса.



Камолиддин Бехзад

(1455 — 1536)

К.Бехзад. Мешіт
құрылышы.



Камолиддин Бехзад — Шығыстың ұлы суретшісі. Ол Ә.Науай, Бабур және басқа ақындардың шығармаларына иллюстрациялар жасаған. Бехзад «Сұлтан Хусайн сарайындағы сый-сыяпат», «Дара және ат бапкерлер», «Мешіттегі әңгіме», «Галымдар сұхбаты т.б. шығармаларымен атағы шыққан.



14

«НАСРИДДИН АФАНДІ» ТАҚЫРЫБЫНА МУСІН ЖАСАУ



Бұхара қаласындағы Насриддин Афанді мүсіні.

Өзбек халық ауызша шығармашылығындағы аңыз болған, халықтың сүйікті және жарқын жүзді кейіпкері — Насриддин Афанді бейнесінің мәні орасан зор. Ол өмірде болмағанымен халқымыз ол туралы сансыз латифаларды, (күлкілі, қызықты әңгімелерді) тоқығаны тоқыған. Насриддин Афанді бейнесі бейнелеу өнеріне осы латифалар (қызықты әңгімелер) арқылы келген.



Суреттегі мүсінде Насриддин Афанді қандай бейнеленген?



Мүсіндік композиция — бір тақырып негізінде орындалған және орналастырылған мүсіндер тобы.





Насриддин Афанді мұсінін жасау кезеңдері.

1



2



3



4



5



6




Есек мұсінін жасау кезеңдері.

1



2





Насриддин Афанді және оның есегінің қатысуымен бір көріністі көз алдыңа елестет. Көрініс бойынша мұсіндік композиция құрастырып және оған ат қой.

Афанді мерген

Афанді мергемін деп мақтанып жүреді екен. Бір күні патша оны аңға алып шығады. Бір жерде жайылып жүрген киік кездесіп қалады. Афанді дереу садақты алып атқан еді, тигізе алмайды. Афанді үялғанынан патшаға қарап:

- Бұл Сіздің атқан оғыңыз, — дейді. Афанді тағы да атады. Ол да тимейді.
- Бұл уәзірініздің оқ атуы, — дейді.
- Үшінші рет оқ атқан еді, киікке тиеді.
- Міне, бұл молда Насриддиннің оқ атуы,
- дейді Афанді.



Насриддин Афанді ләтипаларына жасалған мұсін.



1. Жоғарыдағы мұсіннің мазмұны мен құрылышы туралы айтып бер.
2. Мұсіндің композиция дегеніміз не?



1. Сыныпта орындала басталған мұсіндік композицияны соңына жеткіз.
- 2*. Бір ләтипаның мазмұнын алып, сынапта орындалған мұсіндерден пайдаланып, жаңа композиция құрастыр.



15


«ДАРБАЗШЫ БАЛА»
ТАҚЫРЫБЫНА СУРЕТ САЛУ



1. Жоғарыдағы суретте кімдер бейнеленген?
2. Дарбаздар ойынын көргенсің бе? Өсерлерің туралы айтып бер.

Арқан бойымен жүру


Арқан бойымен жүру — биікте арқан үстінде жүріп тамаша көрсету өнері. Оның өз көне тарихы бар. Өзбек дарбазшылары 25-30 метр биіктікте бағандарға тартылған арқанның үстінде сырықпен ойын көрсетеді. Дарбазшылар жүгіру, секіру, аяқтарына пышақ немесе пәтініс байлап, кейде көзін байлап, бастарына қапшық киіп арқанның үстінде жаттығулар орындайды. Арқан бойымен жүру ойындарымен бірге арқан астында бишілердің ойындары, қызықшылар және дәстүрлі цирк түрлері — ағашаяқ, сиқыршы, гимнастика, үйретілген аю, жылан, маймыл, ат ойындары да көрсетіледі.





Дарбазшы баланың суретін салу кезеңдері

1



2



Бейнені қағаз бетіне
орналастыру

Қарындашпен долбар салу

3



4



Ашық бояулармен салу

Тоқ бояулармен өндеу



«Дарбазшы бала» тақырыбына сурет салу



1. Дарбаздық өнері жайлышты да не білесің?



1. Арқан бойымен жүру өнері туралы тұғыр нелерді білесің?
2. «Дарбазшы бала» деп аталған мұсіндер композициясын жаса.



16

«ӨЛКЕМІЗДЕ ҚЫС»
ТАҚЫРЫБЫНА СУРЕТ САЛУ



Р. Худайбергенов. Қыс көрінісі.



1. Жоғарыдағы суретке қарап алған әсерің бойынша қыс мезгілі туралы әңгімелеп бер.
2. Қыс мезгілінің ең негізгі ерекшеліктерін айт. Олар суретте қалай бейнеленген?


Өлкемізде қыс

Таңертеңгі күн өзінің әлсіз, алтындағы сәулесін шашуда. Жан-жақтың барлығы аппақ қар. Ағаштар аппақ тон киген. Үйлердің мұржасынан түтін шығып тұр. Соққан суық жел түтіндерді алысқа ұшырып барады. Аяз үй терезелеріне ою-өрнек салған.



«Өлкемізде қыс» әңгімесі негізінде сурет сал.


1



Б.Домашников. Қырау.



2



Х.Рузметов. *Қыс.*

3



З. Асқаров. *Хуя. Қыс көрінісі.*



72-73-беттердегі суреттердің қайсы бірі тәмендердегі өлең мазмұнына сәйкес келеді?

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.
Үсті-басы — ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.





И.Бахрамов. Қысқы күн.



1. Сыныпта жасай бастаған, «Өлкемізде қыс» суретін сұық түстерде боя.
- 2*. Алған әсерің негізінде «Қас» деп аталған сурет сал.



17

АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ САБАҒЫ

I. Тест сұрақтары:

1. Төмендегі келтірілген бейнелеу өнері шығармаларының түрлерін анықта.

A




Ә



Б



В



1. Аппликация.
2. Мұсіндер композициясы.
3. Пейзаж.
4. Декоративтік композиция.
2. Қыс көрінісін бейнелеуде негізінен қайсы түстерден пайдаланылады?

А

Ә

Б

В

Жылы түстер. Суық түстер. Негізгі түстер. Контраст түстер.

3. Қиял дегеніміз не?

А

Ойдан шығарылған.

Ә

Табиғат көрінісі.






Б

Әшекей.

В

Бір шығармаға салынған сурет.

4. Осы әшекей гүл қайсы төртбұрыш өрнекке тиісті?



5. Келтірілген сурет қайсы бейнелеу өнер түріне тиісті?



А Иллюстрация Ә Мұсін. Б Пейзаж. В Натюрморт.

II. Тапсырма.

«Қар жауып тұр» тақырыбына өңгіме құрастыр және сол өңгіме негізінде сурет сал.

III ТОҚСАН



F.Абдурахманов. Көктем

Бұл тоқсанда сен:

- қыс маусымындағы балалар ойындарының өзіне тән ерекшеліктерін бейнелеуді;
- көктем көрінісі және Наурыз мерекесін бейнелеуді;
- ертектің кейіпкерлерін бейнелеуді;
- күрделірек натюрморт композициясын сыйуды үйренесің.



18

«ҚЫСҚЫ ОЙЫНДАР»
ТАҚЫРЫБЫНА СУРЕТ САЛУ




1. Суретте қайсы мезгіл бейнеленген?
2. Балалар қысқы демалыста қандай ойындар ойнайды?
3. Қыс мезгілін бейнелеуде көбіне қайсы түстер қолданылады?



Қардан аязата жасау жолдары.

1



2



3




4






«Қысқы ойындар» деп аталатын сурет сал.
Е.Базаровтың «Бірінші қар» деп аталған
шығармасын бақыла және оның мазмұнын
айтып бер.



Е.Базаровтың «Бірінші қар»





1. Қысты бейнелегенде тек сұық түстерден пайдаланылады ма?
2. Егер мектеп ауласында қар болса, топқа бөлініп аязата жаса және істелген жұмысқа баға беріндер.
1. «Қысқы ойындар» тақырыбында сурет салуды соңына жеткіз.
- 2*. «Шанамен сырғанау» тақырыбына сурет сал.



Құрдасыңың шығармашылығынан. Қыс көрінісі.

19

АРХИТЕКТУРАЛЫҚ (СӘУЛЕТТІК)
ӨРНЕК САЛУ




1. Суретте қайсы архитектуралық ескерткіштер бейнеленген? Олар туралы не білесің?
2. Ежелде ата-бабаларымыз бейнелеу өнерінің қандай түрлерімен шұғылданған?



Архитектура (сәүлет) — ғимараттар мен құрылыштарды жобалау және құру өнері.

Архитектура (сәүлет) туындылары қатарына алуан түрлі ғимараттар, архитектуралық кешендер, аландар, қалалар, олардағы монументтер жатады.

Заманауи архитектура (сәүлет) өнерінің үлгілері.






Осы ежелгі сәулеткерлік ескерткіштердегі өрнектен үлгі ал.



1. Өлкемізде қандай сәулеткерлік ежелгі ескерткіштер бар? Олар туралы әңгімелеп бер.
2. Ежелгі сәулетшілер көбіне қайсы түстерден пайдаланған?



1. Сыныпта бастаған ежелгі өрнек үлгісін жасауды соңына жеткіз және оны боя.
- 2*. Өлкеміздегі бір ежелгі қабір үстіндегі ескерткіштің суретін сал.



Алишер Алиқұлов
(1966 жылы туылған)

Алишер Алиқұлов — Өзбекстанда қызмет көрсеткен өнер қайраткері. Суретшінің «Ұлы Империяның күйреуі», «Ежелгі Бақтрияның спорт ойындары», «Әмір Темірдің Тоқтамысты жеңгені» секілді тарихи жанрдағы туындылары атақты.



А. Алиқұлов. Ұлы өзбек бабаларымыз.



20

«ХАЙУАНАТТАР БАҒЫ» ТАҚЫРЫБЫНА СУРЕТ САЛУ



Хайуанаттар бағында бізге таныс хайуандармен бірге өлкемізде кездеспейтін сирек хайуандар да бар.

Ташкент хайуанаттар бағында піл, кенгуру, маймыл және зебра сияқты хайуандарды кездестіруге болады.



1. Суреттерде қайсы хайуандар бейнеленген?
2. Олардың қайсысын өлкеміз аумағында ұшыратуға болады?
3. Олардың көлемі мен түстери туралы не айта аласың?





Піл суретін салу кезеңдері.

Хайуан суретін салар кезде оның денесі қандай бөліктерден құралғандығы және бұл бөліктер қандай пішінге ие екендігін анықтау қажет.


Мысалы, пілдің денесін, төрт аяғын, басын, тұмсығын, қүйрығын, тістерін және құлақтарын жеке бөліп көрсетуге болады.

Пілдің ең үлкен бөлігі — бұл оның денесі саналады және ол сопақ пішінді. Оның басы мен құлақтарының үлкендігі дерлік бірдей болып, олар да сопақ пішіндес келеді.


1




2



3



4









А. Алиқұлов. Жарыққа шығу.



Ат суретін салу кезеңдері.






Балық суретін салу кезеңдері.


1



2



3




4






Қоянның суретін салу кезеңдері


1



2



3



4



«Хайуанаттар бағында» тақырыбына сурет сал.




1. Сыныпта істеліп жатқан «Хайуанаттар бағында» тақырыбындағы суретті салып соңына жеткіз.
- 2*. «Хайуанаттар бағында» тақырыбына басқа хайуандардың қатысында композиция жаса.




21

«МЕН СҮЙГЕН ЕРТЕК»
ТАҚЫРЫБЫНА СУРЕТ САЛУ


1




2



3



4



- 1. Жоғарыдағы суреттерде қайсы ертек кейіпкерлері бейнеленген?
- 2. Өзің ұнатқан ертек мазмұнын айтып бер.




Алтын қарбызы

Ерте-ерте заманда, бір кедей диқан болған екен. Диқан жер жыртып жатқанда аспаннан ұшып келе жатқан бір ләйлек құлап түсіпті. Диқан ләйлекті үйіне апарал, сынған қанатын тақтайшамен байлап, көпке дейін оны күтіп-баптапты. Ләйлек сауығып, ұшып кетіпти.

Бір күні диқан шит егіп жүрсе, ләйлек төмен ұшып келіп, үш дана қарбыздың ұрығын тастап кетіпти. Біраз уақыт өткесін шитпен бірге қарбыз да өніп шығыпты...




1. Ертекті жалғастыр.
2. «Алтын қарбызы» тақырыбына сурет сал.





«Алтын қарбызы» тақырыбына сурет салу кезеңдері.




Бейнені қағазға
орналастыру.



Қаламмен долбар салу.






Бейнені
қаламмен аяқтау.



Бейнені бояу.



Адамдардың әр түрлі бет әлпеттерін бейнелеу.



«Мен сүйген ертек» тақырыбына сурет сал.



1. Жақсы және нашар мінезді ертек кейіпкерлеріне мысал келтір.
2. Нашар мінезді кейіпкер қалай бейнеленеді?




1. Сыныпта салынған «Мен сүйген ертек» тақырыбындағы суретті боя.
- 2*. Бір ертекке иллюстрация жаса.



22

НАТЮРМОРТ САЛУ



Жоғарыдағы натюрмортты мұқият қарап шығып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.



1. Неге бұл сурет натюрморт деп аталады?
2. Натюрмортта не бейнеленген?
3. Не себептен бұл натюрморт қағазда ұзына бойы емес бәлкім көлденен бейнеленген?
4. Бейнеленген төрт заттардың қайсы бірінің:
 - а) бойы еніне қарағанда ұзын?
 - ә) бойы еніне қарағанда қысқа?
 - б) бойы мен ені шамамен тең?




5. Бұл заттардың қайсы бірі домалақ пішінде?
6. Қайсы зат алдында? Қайсы бірі артта тұр? Бұны неден білдің?
7. Заттарға жарық сәулесі қайсы жағынан түсіп тұр? Оны қалай анықтадың?
8. Заттарды бейнелеуде қандай түстерді қолдандың?
9. Әрбір заттың жарық және көлеңке жерлерін анықта. Оларды бейнелеуде түстерден қалай пайдаланылған?
10. Заттар ненің үстінде тұр? Олардың артында не тұр және қалай бейнеленген?

Натюрморт салу кезеңдері.




Алғаш, натурадан сурет салу талап етілген заттар өте мүқият бақыланады. Бақылау кезінде жоғарыда көтірілген 10 сұраққа жауап табылғаннан соң сурет салуға болады.

1



Бейнені қағаз бетіне
орналастыру.

2



Қарындашпен
долбар салу.



3



Бейнені қарындашпен
салуды аяқта.

4



Бояу (Бояу алдыңғы
сабақтарда берілгендей 3
кезеңде жүзеге асады).



Стол үстіне орналастырылған алма, алмұрт
және құмырадан тұратын натюрмортты жаса.
Натюрмортты жасауда «10 сұрақ» тәсілін сақтау
керек.



1. Натюрмортты орындаудан алдын не себептен
мүқият бақылау керек?
2. Бақылаудың нәтижесінде қандай сұрақтарға
жауап табылады?
3. Натюрмортта заттардың өзара орналасуы қан-
шалықты маңызды есептеледі?



1. «Алма, алмұрт және құмыра» натюрморттын
орындауды соңына жеткіз.
- 2*. Үйде өзіңе ұнаған 2 – 3 нәрсені ыңғайлыш
түрде орналастырып натюрморт жаса.



23

**«ТҮЛКІ МЕН ТЫРНА» ЕРТЕГІСІ
НЕГІЗІНДЕ МУСІН ЖАСАУ**



«Түлкі мен тырна» ертегісінен үзінді

Бір күні тырна түлкіні қонаққа шақырады. Түлкі тырнатің үйіне барады. Тырна сұйық тамақ істейді, құмыраға құйып ортаға қояды:


— Қане, Түлкібай, ал, — деп түлкіні тамаққа шақырады.




1. Ертегінің жалғасын айтып бер.
2. Жоғарыдағы ертегінің үзіндісі немесе оның жалғасы негізінде қандай мұсіндер композициясын құрастырған болар едің? Оны бейнелеп бер.



Тұлкінің мүсінін жасау кезеңдері.



Тырнаның мүсінін жасау кезеңдері.



Жоғарыдағы тәсілде «Тұлқі мен тырна» ертегісі негізінде мүсіншелер жаса. Жасаған



мұсіншелерді төмендегі құрдасың құрастырған мұсін композициясына ұқсатып орналастыр.



1. Мұсіндік композициясы дегеніміз не?
2. Бірер шығарма мазмұны бейнеленген сурет қалай аталады?



1. Тұлкі мен тырна мұсіндерін түрлі көріністерде орналастырып ертегідегі әр түрлі жағдайларды бейнеле және оларға ат қой.
- 2*. «Қасқыр мен мерген» ертегісіне рельефті мұсін жаса.



24

«МЕН СҮЙГЕН СПОРТ ТҮРІ»
ТАҚЫРЫБЫНА СУРЕТ САЛУ



1. Суреттерде бейнеленген спорт түрлері туралы әңгімелеп бер.
2. Сен спортың қайсы түрімен шұғылданасың?
3. Саған спортың қайсы түрлері ұнайды, неліктен?



Өзбекстандағы спорт

Өзбекстанда спортқа ерекше назар аударылған. Спорттың маңаты адамдардың денсаулығын нығайту және жалпы денені шынықтырумен бірге спорт жарыстарында жоғары нәтижелерге, женістерге қол жеткізу болып табылады. Елімізде 50-ден астам спорт түрі кең таралған.

Теннисші баланың суретін салу кезеңдері.



1



2



3




4



5



6



Теннисші баланың суретін салу



1. Еліміздің беделін халықаралық жарыстарда лайықты қорғаған спортшылардан кімдерді білесің?
 2. Теннис спорты бойынша қайсы теннисшілеріміздің жоғары нәтижелерге қол жеткізгенін білесіңдер ме?
1. Сыныпта жасаған теннисші баланың суретін акварельмен боя.
 2. Өзің ұнататын спорт түрінің суретін сал.



25

«КӨКТЕМ ГҮЛДЕРІ»
ТАҚЫРЫБЫНА СУРЕТ САЛУ



Көктем келуімен табиғат оянады. Дала мен ағаштар жасыл желең жамылады. Гүлдер ашылып, айнала құлпырып ғажайып түске енеді.



У.Ахметжанова. *Көктем кешкүрьымы*.




1. Көктемде алма, өрік, шие сияқты жемістер қандай түсте гүлдейді?
2. Суреттерде көктем қандай түстерде бейнеленген?






Раушангүл суретін салу кезеңдері.

1



2




Бейнені қағаз бетіне
орналастыру.

Қарындашпен
долбар салу.

3



4




Бейнені қарындашпен
салуды аяқтау.

Бояулармен
өңдеу.




Гүлдеген алма бұтағы суретін салу кезеңдері.

1




2



Бейнені қағаз бетіне
орналастыру.

Қарындашпен
долбар салу.

3




4



Бейнені қарындашпен
салуды аяқтау.

Бояулармен
өндеу.




Қутлұғ Башаров
(1925 — 2004)



«Нодирабегим».

Қутлұғ Башаров — Өзбекстан халық суретшісі, Өзбекстан Көркемдік Академиясының академигі, профессор. Ол портрет, көрініс, натюрморт, миниатура және тарихи жанрларда шығармашылық еткен. Атақты шығармалары — «Спитамен», «Алпамыс», «Жалолиддин Мангуберді», «Ибн Сино», «Әмір Темір» т.б.

8 айырмашылықты тап.





«Көктем гүлдері» тақырыбына сурет сал.



1. Көктем мезгілінің алғашқы хабаршылары не?
2. Суретші У. Ахметжанованың «Көктем» туындысы бойынша әңгіме құрастыр.



У. Ахметжанова. *Көктем*.



1. «Өлкемізде көктем» тақырыбына салынған суретті акварель бояуымен боя.
- 2*. «Таулардың көктемдегі көрінісі» тақырыбына сурет сал.



26

«НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ»
ҚҰТТЫҚТАУЫН ЖАСАУ



1. Суретке ат қой және ол бойынша әңгіме құрастыр.
2. Наурызды не себептен мерекелейміз?



Наурыз күні бір-бірінен хабар алу мен бір-бірін құттықтау халқымызға тән қасиет. Мереке қарсаңында үлкен етіп жасалған және биік тақтайларға ілінген құттықтауларды көшеде кездестіруге болады.



Сондай-ақ, төмендегі құттықтау сөздері жазылған құттықтаунамаларды жақындарыңыздан алуға немесе оларға беруіңізге болады.





Үлгі негізінде «Наурыз құтты болсын!» құттықтауының суретін сал.



1. Наурыз мерекесі рәміздері ретінде не алуға болады?
2. Декоративтік композиция дегеніміз не?



1. «Наурыз құтты болсын!» құттықтаунамасын акварельде боя және қолындағы бар материалдар көмегімен әшекейлеп, декоративтік композиция шығар.
- 2*. Қабырға газетіне арнап «Наурыз» деп аталатын декоративтік композиция жаса.



27


АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ САБАГЫ

I. Тест сұрақтары:

1. Көк түсті көрсөт.



2. Қайсы сурет сүйк түстерде салынған?




3. Кім қайсы суретті салған?




A



B



D



4. Төмөндегі сурет бейнелеу өнерінің қайсы түріне жатады?



М. Ташмурадов. *Нұрлану*.

A Портрет. **Ә** Натюрморт. **Б** Пейзаж. **В** Графика.

5. Түстерге өз аттарын дұрыс қой?



А Боз.

Ә Күлгін көк.


Б Қызыл.

В Ашық сары.

II. Тапсырма.

«Наурыз құтты болсын!» құттықтауын тарту ет.

IV ТОҚСАН



Бұл тоқсанда сен:

- өлкеміздің табиғат көрінісін салуды үйренесің;
- дәңгелек өрнек салу тәсілдерін біліп аласың;
- нақты безендіру өнері үлгілерімен және ежелгі сәулет ескерткіштермен танысасың;
- мұсіндік композициясын жасайсың.



28

ДӘҢГЕЛЕК
ӨРНЕК САЛУ

1



2



3



4




1. Жоғарыда бейнеленген дәңгелек өрнекте қандай безендіру гүлдерінен пайдаланылған?
2. Дәңгелек өрнектердегі симметрияны бақыла.




Дәңгелек өрнектерді салу кезеңдері.

1




2




Сұлбасы алынады.

3



4



Безендіру гүлдері салынады.

5



6







Боялады.





Берілген сұлба және безендіру гүлдері бойынша дәңгелек өрнек сал.




1. Дәңгелек өрнек салу кезеңдерін айтып бер.
2. Дәңгелек өрнекте контраст түстердің қолданылуын түсіндір.





1. Сыныпта басталған дәңгелек өрнек салуды соңына жеткіз.
- 2*. Гүлсіз тостағанға гуашьпен немесе акварельмен дәңгелек өрнек сал.



Темурилер тарихи мемлекеттік музейі ғимараты күмбезінің ішкі төбесіне салынған өрнек.

Илхамов Анвар (1946 жылы туылған) — өрнек салу шебері, Өзбекстанда қызмет көрсеткен өнер қайраткері. Ол «Болашақ», «Түркістан» ғимараттарын, Темурилер тарихи мемлекеттік музейі, Имам Бухарий, Ахмед Фарғоний кешендерін безендіруге қатысқан.

29-30

КӨЗЕ ӨНЕРІ. САЗ БАЛШЫҚТАН ЛЕГЕН ЖАСАУ



1. Көзе өнері туралы не білесің?
2. Жоғарыдағы бұйымдарды безендіруде қандай әшекейлерден пайдаланғандығын анықта.





Саз балшықтан қыш бұйымдар жасау кезеңдері.

1



Арнайы топырақтан саз балшық дайындалады.

2



Саз балшыққа пішін беріледі.

3



Бұйым түспен безендіріледі.





4



Арнайы электр пешінде құрытылады.



Көзе өнери — ең ежелгі өнери түрі.





Құмыра жасау өнері.

Құмыра жасау өнері қолөнердің балшықтан пияла, кесе, көзе, леген тағы басқа ойыншықтар сияқты түрлі заттарды дайындайтын түрі. Бұл қолөнерінде негізгі аспап-құрал құмыра жасайтын доңғалақ саналады. Заттарды кептіріп, құмыраға арналған пеште қыздырады. Құмыра жасау өнері еліміздің Ферғана, Бұхара, Самарқант, Хорезм мен Ташкент қалаларында кең дамыған. Халық шеберлері көптеген ыдыстар дайындаумен бірге оларды жоғары талғаммен безендіреді. Қолөнер бұйымдары берік, сұлу нәзік сыры, көрікті оюларымен адамның назарын аудартады. Өнердің бұл түрі ұрпақтан ұрпаққа жетіп келуде.



Құмырашылар жасаған өнімдер.





Мұғалім таңдаған үй бұйымдарын саз балшықтан жаса. Бұйымға қандай әшекейлермен өңдеу беретінінді қағазға долбарын сал.



1. Қыш бұйымдарды жасау кезеңдерін айтып бер.
2. Үйінде қандай қыш бұйымдардан пайдаланаңың? Олардың сапасы және артықшылығы неде?
3. Төмендегі «Көзеші» әңгімесін оқы және көзеші енбегін бейнеле.

Көзеші

Рақым атанды шебер көзеші деп мақтайды. Ата жасаған құмыралар (көзелер), легендер, тостағандар және гүлтүбектер сондай нәзік, әдемі, көргендер өуестенеді.

Рақым атандың шәкірттері өте көп. Олар ұстазынан көзе өнерінің сырларын үйреніп алған. Дайын бұйымдарға гүл салу да бір өнер. Рақым атандың басшылығында әзірленген ыдыстар алушылар жағынан сүйсініп сатып алынады.



1. Сыныпта бастаған қыштан бұйым жасауды соңына жеткіз, кептір және түрлі әшекейлермен өнде.
- 2*.Өлкеміздегі көзе өнері үлгілерін тап.
Олардың сапасын және қандай әшекей берілгендейгін анықта.



31

**«КЕШҚҰРЫМ»
ТАҚЫРЫБЫНА СУРЕТ САЛУ**



Бізге белгілі, түстер жарық сәулесінің құлпыруынан пай-да болады. Сол себепті нәрселердің түсі күн жарқырап шығып түрған күндіз күні мен күн батып бара жатқан кешкі кезде алуан түрлі болады. Суретшілер кейбір көріністі күннің түрлі мезгілдерінде салуды, түстердің барлық түспен құлпыруын бейнелеуді ұнатады.

- 1. Фотосуреттерде күннің қайсы кезі бейнеленген?
2. Олар бір-бірінен қандай өзгешеленеді?**



Б. Анназаровтың “Хиуа” атты шығармасын бақылап, оның мағынасын айтып бер.



Б. Анназаров. Хиуа.





Түстөр және олардың аттары.



Қызыл.



Сары.



Көк.



Құлғін.



Қүрән қызыл.



Қызыл қоңыр.



Көгілдір.



Сарғалдақ



Қызылт.



Жириен.



Аспан көк.




Қоңыр.



Сия көк.



Ал қызыл.



Ашық көк.



Ақ.



Қара.



Жасыл шөптес.



Жасыл.




Сұр.





Төмөндегі суреттердің қайсысында кешқұрым бейнеленген? Суреттерде қайсы бояулар қолданылғанына назар аудар.



Алған әсерің негізінде «Кешқұрым» тақырыбына сурет сал.



1. 128-беттегі суреттер туралы әңгіме айтып бер.
2. Суреттерде мұндай түстердің қолданылу себептерін айт.



1. «Кешқұрым» тақырыбына сурет салуды соңына жеткіз.
- 2*. 127-бette келтірілген түстерді есінде сақта және олардың аттарын жатта.




Б.Рузиметовтың «Палвон каналы» шығармасын бақыла және оны бейнелеп бер.



Б. Рузметов. *Балуан канал.*

32

«ЦИРК ОЙЫН-САУЫҒЫ»
ТАҚЫРЫБЫНА МУСІН ЖАСА




1. Суреттерде қайсы ойын-сауықтарды көріп тұрсың?
2. Циркте және қандай ойын-сауықтарды көргенсің?



Хайуан мاشықтаушының мүсінін жасау кезеңдері.


1



2



3



4



5



6



7




8



9



10





Жолбарыс мұсінің жасау кезеңдері.

1



2



3



4



5




6



7



8



9



10





Берілген ұлгілерді пайдаланып «Цирк ойын-сауығы» деп аталған мұсін композициясын құрастыр.



1. Мұсін өнері композициясы дегеніміз не?
2. Жасалған мұсіндерден тағы басқа композициялар құрастыр және оларға ат қой.



1. «Цирк ойын-сауығы» мұсін өнерінің композициясын соңына жеткіз.
- 2*. «Цирк ойын-сауығы» тақырыбына басқа мұсін композициясын жаса.



33-34


СҮЙІКТІ ӨЛКЕ
(соңғы бақылау сабағы)



И.Атабаев. Соқақ.



А.Волков. Ауыл көрінісі.



Ю. Елизаров. *Күз.*



Е.Базаров. *Ақтаң көрінісі.*

Жоғарыдағы суреттерді мұқият қарап шық. Шындығында да әдемі, сұлу еліміз бар. Оның шырайын ақындар өлеңдермен сипаттаса, жыраулар жырға қосады, ал суретшілер түстер мен бояудың көмегімен бейнелейді.




II. Тест сұрақтары:


1. Негізгі түстер қайсы қатарда берілген?




2. Қайсы өрнекте екі әшекейлеу гүлі бар?



3. Қайсы түстердің жұптылығы контраст емес?




4. Қайсы өрнектің фоны мен әшекейлеу гүлінің түстері дұрыс таңдалмаған?



5. Қайсы суретте рельефті (бедерлі) мүсін бейнеленген?



6. Төмөндегі келтірілген бейнелеу өнері шығармаларын бақылап, оларға әрқайсысының атын сәйкес қойып шық.






1. Аппликация.
2. Пейзаж.
3. Мүсіндер композициясы.
4. Төртбұрыш өрнек.

7. Шөл көрінісін бейнелеуде негізінен қайсы түстерден пайдаланылады?



Жылы түстер. Негізгі түстер. Суық түстер. Контраст түстер.

8. Суретте қайсы мультфильм кейіпкерлері бейнеленген?



1. Алтын қарбызы.
 2. Алауддиннің сиқырлы шамы.
 3. Шам көтерген мысық.
 4. Сені ме, асықпа!
9. Сарғалдақ түсті көрсет.

А



Ә



Б



В



10. Қайсы сурет тек жылы түстерде салынған?

А



Ә



Б



В



II. Тапсырма.

Қадірлі оқушы, жыл соңында өлкеміздің табиғаты турала сурет салып көр. Оны орындау үшін 3-сынып барысында “Бейнелеу өнері” сабағынан алған білім мен шеберлігінді жұмса.



МАЗМҰНЫ

Сурет салу үшін орын дайындау 4

I ТОҚСАН

1.	«Өзбекстан — менің Отаным» тақырыбына сурет салу.....	6
2.	«Жаз — өтті керемет» тақырыбына сурет салу.....	10
3.	Атлас матасында түстердің жарқырауы	13
4.	Жолақ тәріздес өрнек салу	19
5.	Жеміс-жидектер суретін салу	26
6.	Мұсін өнері.....	30
7.	Тәртбұрыш өрнек салу	34
8.	«Тауда күз» тақырыбына сурет салу	40
9.	Аралық бақылау сабағы	45

II ТОҚСАН

10.	Табиғи материалдардан жануарлардың бейнесін жасау (аппликация)	48
11–12.	«Кешкі күз» тақырыбына сурет салу	54
13.	«Тасбақа мен шаян» мысалы бойынша сурет салу.....	59
14.	«Насриддин Афанді» тақырыбына мұсін жасау.....	63
15.	«Дарбазшы бала» тақырыбына сурет салу	67
16.	«Өлкемізде қыс» тақырыбына сурет салу	71



17. Аралық бақылау сабағы 75

III ТОҚСАН

18. «Қысқы ойындар» тақырыбына сурет
салу 78

19. Архитектуралық (сәулеттік) өрнек салу 82

20. «Хайуанаттар бағы» тақырыбына
сурет салу 86

21. «Мен сүйген ертек» тақырыбына
сурет салу 91

22. Натюрморт салу 95

23. «Тұлқі мен тырна» ертегісі негізінде
мүсін жасау 98

24. Мен сүйген спорт түрі тақырыбына
сурет салу 101

25. «Көктем гүлдері» тақырыбына сурет
салу 104

26. «Наурыз мерекесі» құттықтаунамасын
жасау 109

27. Аралық бақылау сабағы 112

IV ТОҚСАН

28. Дөңгелек өрнек салу 116

29–30. Көзе өнері. Саз балшықтан леген
жасау 120

31. «Кешқұрым» тақырыбына сурет салу 125

32. «Цирк ойын-сауығы» тақырыбына мүсін
жасау» 130

33–34. Сүйікті өлке (соңғы бақылау
сабағы) 136



MUYASSAR ISOQOVA, RAHIM HASANOV,
BAHODIR HAYDAROV, ASQARALI SULAYMONOV,
SAODAT JUMANIYOZOVA, BOBIR AZIMOV

TASVIRIY SAN'AT

Umumiy o'rta ta'lif muktabalarining
3-sinfi uchun darslik

(Qozoq tilida)

Toshkent — «Yangiyo'l poligraf servis» — 2014

Muharrir — *B. Azimov*

Texnik muharrir — *M. Riksiyev*

Rassom — *B. Abdirov*

Haykaltaroshlar — *A. Raximov, J. Abduvahabov*

Original-maketdan bosishga ruxsat etildi _____. Bichimi
70x90¹/16. «Arial» garniturasi. Ofset bosma usulda bosildi.
Shartli bosma tabog'i 9,0. Nashr bosma tabog'i _____. Nusxasi
_____. Buyurtma N_____.

«Yangiyo'l poligraf servis» MCHJ bosmaxonasida bosildi.

Toshkent vil, Yangiyo'l tum., Samarqand ko'chasi, 44.

85.103

T25

Tasviriy san'at: Umumiy o'rta ta'lif muktabalarining
3- sinfi uchun darslik / M. Isoqova, R. Hasanov, B.
Haydarov, A. Sulaymonov, S. Jumaniyozova, B. Azimov.
— T.: «Yangiyo'l poligraf services», 2014 — 144 b.

I. Isoqova, Muyassar.

BBK 85.103ya71

Жалға берілген оқулықтың күйін көрсететін кесте

№	Оқушының аты-жөні	Оқу жылы	Оқулықтың алғандағы күйі	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырылғандағы күйі	Сынып жетекшісінің қолы
1.						
2.						
3.						
4.						
5.						
6.						

Оқулық жалға беріліп, оқу жылының соңында қайтарып алынғанда жоғарыдағы кестені сыннып жетекшісі тәмендегі бағалау критерій бойынша толтырады:

Жаңа	Оқулықтың бірінші рет пайдалануға берілгендеңі күйі
Жақсы	Мұқабасы бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажырамаған. Барлық параптары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттерінде жазулар мен сызуулар жоқ.
Орташа	Мұқабасы мыжылған, едәуір сыйылыш, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажырауы мүмкін, пайдаланушы тарапынан қанағаттанарлық қапталған, түсіп қалған беттері қайта тігілмеген, кейбір беттеріне сыйылған.
Нашар	Мұқабасына сыйылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған яки түгелдей жоқ, қанағаттанарлықсыз қапталған. Беттері жыртылған, оқулықтың тіктеуге болмайды.